

## Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 14 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 ақпанда № 10285 тіркелді.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 133-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Патронаттық тәрбие туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (З. Оразалиева):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*А. Сәрінжіпов*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 16 қаңтардағы  
№ 14 бұйрығына

## Патронаттық тәрбие туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Патронаттық тәрбие туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленген.

2. Патронат нысанындағы қорғаншылық немесе қамқоршылық кәмелетке толмаған жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде білім беру

ұйымдарындағы, медициналық немесе басқа да ұйымдардағы қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деп күдік келтірілген кәмелетке толмаған балаларға (бұдан әрі – бала (балалар)) белгіленеді.

3. Патронат тәрбиеші – қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – орган) баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру туралы шарттың негізінде баланы (балаларды), оның ішінде білім беру ұйымдарындағы, медициналық немесе басқа да ұйымдағы баланы (балаларды) тәрбиелеуге берген адам.

4. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деп күдік келтірілген баланы қоспағандар қорғаншылықта (қамқоршылықта) болмаған бала (балалар) патронаттық тәрбиеге беріледі.

5. Патронат тәрбиешіге тәрбиелеуге берілетін балалардың жалпы саны бір отбасының балаларына байланысты жағдайларды қоспағанда, үш баладан аспайды.

6. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру отбасылық тәрбиелеуді қамтамасыз ету үшін баланың (балалардың) мүдделеріне сүйене отырып жүзеге асырылады.

7. Орган баланы (балаларды) күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту жағдайларына бақылауды жүзеге асырады, патронат тәрбиешілердің қызметін талдайды.

## **2. Балаларды патронаттық тәрбиеге беруді ұйымдастыру**

8. Патронат тәрбиешілерді іріктеуді орган жүзеге асырады.

9. Мына тұлғаларды:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды ;
- 2) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды;
- 3) өзіне Қазақстан Республикасының заңында жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы (қамқоршы) міндеттерін орындаудан шеттетілгендерді;
- 4) егер бала асырап алуды сот олардың кінәсі бойынша жойса, бұрынғы асырап алушыларды;
- 5) денсаулық жағдайы бойынша баланы қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерін орындай алмайтын адамдарды;
- 6) тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамдарды;
- 7) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу кезінде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар адамдарды, сондай-ақ осы тармақтың 12) тармақшасында көрсетілген адамдарды;
- 8) азаматтығы жоқ адамдарды;

9) анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқықтарынан айырылуына байланысты баланың кемінде үш жыл іс жүзінде тәрбиелену жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) еркек жынысты адамдарды;

10) қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу кезінде қамқорлыққа алынған баланы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысы жоқ адамдарды;

11) наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын адамдарды;

12) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және адамгершілікке, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылығы үшін соттылығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдарды (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) қоспағанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында көзделген біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес келетін тек кәметке толған тұлғалар патронат тәрбиешілер болып табылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.11.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге алуға тілек білдірген адам органға мынадай құжаттарды:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша патронаттық тәрбиеші болу және ақшалай қаражат төлеуді тағайындау туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш);

2) тұлғаны куәландыру құжатын (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

3) егер патронат тәрбиеші болуға тілек білдірген адам некеде тұрса, зайыбының (жұбайының) нотариалды куәландырылған келісімін;

4) егер некеде тұрса, некеге тұру туралы куәліктің көшірмесін;

5) тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжаттардың көшірмесін;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12127 болып тіркелген) бекітілген Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуына мүмкін болмайтын аурулардың тізбесіне сәйкес ауруының жоқ екендігін

растайтын патронат тәрбиеші болуға тілек білдірген адамның және егер некеде тұрса зайыбының (жұбайының) денсаулық жағдайы туралы анықтаманың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде тіркеуде тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтаманы;

7) білімі туралы дипломның көшірмесін;

8) баланың (балалардың) білім беру ұйымында оқуы туралы анықтаманы (мектеп жасындағы балалар үшін);

9) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша адамның қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтаманы ұсынады.

Бала (балалар) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тұрған жағдайда баланың (балалардың) туу туралы куәлігін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырылатын тізбенің 8) тармақшасындағы көрсетілген құжаттардың электронды көшірмелерін тіркеу талап етілмейді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2019 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Құжаттарды тексеру қорытындылары бойынша орган өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген тұлғалардың тұрғын үйін тексереді, нәтижелері бойынша осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеріп-қарау актісін жасайды және осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шартты жасау мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды (бұдан әрі – Қорытынды) шығарады.

Қорытындыға қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орган оның түпнұсқасын баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге алуға тілек білдірген тұлғаларға береді және оң қорытынды алған тұлғалар туралы мәліметтерді Кодекстің 118-3-бабына сәйкес Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкіне (бұдан әрі – Республикалық деректер банкі) енгізеді.

Баланы патронаттық тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген, оң қорытынды алған тұлғалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 661 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 14666 болып тіркелген) бекітілген Республикалық деректер банкін қалыптастыру және пайдалану қағидаларына сәйкес балаларды Республикалық деректер банкінде іріктеуді жүзеге асырады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.11.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2019 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

12. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге анықтау кезінде орган оның этникалық шығу тегін, белгілі бір дінге және мәдениетке қатыстылығын, ана тілін, тәрбиелеу мен оқытудағы сабақтастықты қамтамасыз ету мүмкіндігін ескере отырып, баланың мүддесін басшылыққа алады.

13. Баланы (балаларды) шарт бойынша беру үшін оны алдын ала таңдауды органмен және баланы күтіп-бағатын ұйым әкімшілігінің келісімі бойынша баланы отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар жүзеге асырады.

Ағалы-інілерді, апалы-сіңлілерді-қарындастарды ажыратуға, бұл балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өздерінің туыстығы туралы білмеген, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

14. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деп күдік келтірілген баланы қоспағанда, он жасқа толған баланы (балаларды) патронат тәрбиешілерге беру оның келісімімен ғана жүзеге асырылады.

15. Балаға (балаларға) патронат тәрбиешіні тағайындау кезінде патронат тәрбиешінің адамгершілік және жеке басының өзге де қасиеттері, оның патронат тәрбиеші міндеттерін орындауға қабілеті, патронат тәрбиеші мен бала (балалар) арасындағы қарым-қатынас, патронат тәрбиешінің отбасы мүшелерінің балаға (балаларға) қарым-қатынасы, сондай-ақ мүмкін болса, баланың (балалардың) өз тілегі ескеріледі.

16. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге алуға тілек білдірген адам (патронат тәрбиеші) мен орган арасында баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге алуға тілек білдірген адамдардың тұрғылықты жері бойынша жасалатын шарт:

- 1) баланы (балаларды) күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту жағдайларын;
- 2) патронат тәрбиешілердің құқықтары мен міндеттерін;
- 3) органның патронат тәрбиешілерге қатысты міндеттерін;
- 4) шартты тоқтатудың негіздерін көздейді.

Патронаттық тәрбиеге берілген әрбір балаға (балаларға) жеке (дербес) шарт жасалады.

Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда оны ұзартуға болады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.11.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Бала (балалар) патронаттық тәрбиеге берілетін ұйым:

- 1) осы ұйымның тәрбиеленушісі болып табылатын баламен (балалармен) патронаттық тәрбиеге беру жөніндегі дайындық жұмысын жүргізеді;
- 2) оның сәтті әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді;
- 3) баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру үшін құжаттар дайындауды жүзеге асырады;
- 4) патронат тәрбиешілер болуға тілек білдірген адамдарды дайындауды жүзеге асырады;
- 5) осы ұйымның тәрбиеленушісі болып табылатын баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беруді жүзеге асырады;
- 6) патронат тәрбиешіге ұйымдық-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді;
- 7) патронаттық тәрбиеге берілген балаларды есепке алуды жүргізеді.

18. Патронат тәрбиешілерге берілген әрбір балаға (балаларға) баланы күтіп бағатын ұйым:

- 1) баланың (балалардың) тууы туралы куәлігін;
- 2) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде № 6697 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген № 026/е нысанды медициналық құжаттаманы, егу паспортын және № 063/е нысанды медициналық құжаттаманы;
- 3) білімі туралы құжатты;
- 4) баланың (балалардың) ата-ана қамқорлығынан айырылғанын растайтын қайтыс болуы туралы куәліктің, сот үкімінің немесе шешімінің, ата-анасының сырқаттануы немесе іздестірілуі туралы анықтаманың және басқа да құжаттардың көшірмелерін;
- 5) аға-інілерінің және апа-сіңлілерінің-қарындастарының болуы және тұратын жерлері туралы ақпаратты;
- 6) балаға (балаларға) тиесілі мүліктің тізімдемесін және оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтерді (бар болған жағдайда);
- 7) балада (балаларда) тұрғын үй-жайдың болуын растайтын құжатты;
- 8) баланы қылмыс жасаған күдікті патронатқа берген жағдайда қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысын;
- 9) баланың (балалардың) жеке ісінде бар өзге де құжаттарды береді.



Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2019 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген құжаттар шарт жасасқаннан кейін патронат тәрбиешілерге тікелей беріледі.

20. Баланы (балаларды) патронат тәрбиешіге беру органның шешімі немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы негізінде шартты жасасқаннан кейін жүзеге асырылады.

21. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру патронат тәрбиеші мен бала (балалар) арасында алименттік және мұрагерлік құқықтық қарым-қатынастардың туындауына әкеп соқпайды.

22. Патронат тәрбиешілерге берілген бала (балалар) өзіне мұрагерлік тәртібінде өтетін алименттерге, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарына, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтайды. Баланың (балалардың) тұрғын үй-жайы болмаған кезде Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес өзіне тұрғын үй-жай беру құқығына ие.

23. Егер баланың (балалардың) жәрдемақыға немесе өзге де әлеуметтік төлемдерге құқығы болған жағдайда патронат тәрбиешіге аталған ақша қаражатын немесе әлеуметтік төлемдерді төлеуді жүзеге асыратын тиісті органдарға жүгіну тәртібі түсіндіріледі.

24. Патронат тәрбиешінің негізгі функциялары:

- 1) шартты орындау;
- 2) өз баласымен (балаларымен) бірге тұруды қамтамасыз ету;
- 3) баланы (балаларды) тәрбиелеу мен күтіп-бағу үшін оңтайлы жағдай жасау және ұйымдастыру;
- 4) баланың (балалардың) денсаулығы, дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы туралы қамқорлық жасау;
- 5) баланың (балалардың) пікірін ескере отырып, білім беру мекемесін және оқыту нысанын таңдау;
- 6) баланың (балалардың) патронат тәрбиешіге берілген құжаттарының, балаға (балаларға) тиесілі ақшалай қаражаттың және өзге де мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) өзінің қамқорлыққа алынушыларының басқа адамдармен қатынасындағы, оның ішінде соттарда арнайы өкілеттіктерсіз қатынасындағы құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;
- 8) баланың (балалардың) демалысын ұйымдастыру;

9) баланы (балаларды) күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту үшін қолайсыз жағдайлар туындағаны туралы органды хабардар ету;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

25. Патронат тәрбиешіге берілген әр баланы (балаларды) күтіп-бағуға "Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 381 қаулысымен белгілеген тәртіппен және мөлшерде ай сайын ақшалай қаражат төленеді.

26. Патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу шарттары "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелері тәрбиешілерінің еңбегіне ақы төлеу шарттарына ұқсас анықталады.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.11.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Облыстық маңызы бар аудандардың, қалалардың білім беру бөлім органдары, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органдары патронат тәрбиешінің еңбегіне ақы төлеуді шарттың негізінде ақшалай қаражатты оның ағымдағы шотына ағымдағы айдың 25-күнінен кешіктірмей ай сайын аудару арқылы жүргізеді.

28. Патронат тәрбиешіге еңбекақы төлеудің тоқтатылуына әкеп соғатын мән-жайлар туындаған жағдайда (шарттың бұзылуы) орган бұл туралы патронат тәрбиешіге бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

29. Патронат тәрбиешілер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың шегінде тұрғылықты жерінің өзгергені туралы көшкен сәтінен бастап күнтізбелік он күн ішінде органды жазбаша түрде хабардар етеді.

30. Патронат тәрбиеші облыстан, республикалық маңызы бар қаладан, астанадан тыс жерлерге тұрақты тұруға көшкен жағдайда шарт бұзылады.

31. Патронат тәрбиешілер ауруханаға түскен не өзге де дәлелді себептер бойынша отбасында ұзақ уақыт болмаған жағдайда органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланы (балаларды) қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа уақытша орналастыруды қамтамасыз етеді не негізгі патронат тәрбиешінің болмау уақытына басқа патронат тәрбиешімен шарт жасасады.

32. Патронат тәрбиешінің баланы (балаларды) денсаулық сақтау ұйымына уақытша орналастыруы патронат тәрбиешінің осы балаға (балаларға) қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды.



33. Отбасында патронаттық тәрбиедегі баланы (балаларды) асырап алуға беру кезінде осы баланы (балаларды) асырап алуға басым құқық оның қалауы ескеріле отырып, өз отбасында бала (балалар) тәрбиеленіп жатқан патронат тәрбиешіге беріледі.

34. Баланы (балаларды) 16 жасқа толғанда жұмысқа орналастырған жағдайда ол кәмелетке толғанша шарттың қолданылуы жалғасады.

35. Шарт:

1) дәлелді себептері (сырқаттануы, отбасылық немесе материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасындағы жанжалдар және басқалар) болған кезде патронат тәрбиешілердің бастамасы бойынша;

2) баланы (балаларды) күтіп-бағу, тәрбиелеу және білім беру үшін қолайсыз жағдайлар туындаған кезде органның бастамасы бойынша;

3) бала (балалар) ата-анасына қайтарылған, туыстарына берілген немесе бала (балалар) асырап алынған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

36. Органдар патронат тәрбиешілерге жүктелген баланы (балаларды) күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту бойынша міндеттеріне бақылауды Кодексте және осы Ережеде белгіленген тәртіппен патронат тәрбиешінің тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырады.

37. Патронаттық тәрбиеге берілген баланы (балаларды) тәрбиелеуге және күтіп-бағуға бақылауды органдар 6 айда кемінде 1 рет:

1) патронаттық тәрбиеге берілген балаға (балаларға) оның тәрбиелену және күтіп-бағылу жағдайларын тексеру мақсатында бару;

2) жеке оңалту бағдарламасына сәйкес оңалту іс-шараларының, оның ішінде оңалту құралдарының уақтылы ресімделуіне және алынуына, сондай-ақ мүгедек баланың оны мақсатты пайдалануына бақылау жасау;

3) патронат тәрбиешілердің патронаттық тәрбиеге берілген баланы (балаларды) тәрбиелеу және күтіп-бағу үшін материалдық құралдарды пайдалануын тексеру түрінде жүзеге асырады.

38. Патронат тәрбиеші қамқорлыққа алынушының денсаулық жағдайы және оны тәрбиелеу, сондай-ақ оның мүлкін басқару бойынша жұмыс туралы есептерді органға алты айда кемінде бір рет ұсынады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.11.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 16 қаңтардағы  
№ 14 бұйрығына  
1-қосымша

---

(органның атауы)

## Патронаттық тәрбиеші болуға ниет білдірген және ақшалай қаражат тағайындау туралы өтініш

Ескерту. Ереже 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.11.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2019 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Балаларды патронаттық тәрбиеге беру және оларға асырап-бағуға ақшалай қаражат тағайындауды сұраймын

1. \_\_\_\_\_ (баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), және балалардың жеке сәйкестендіру нөмірі)
2. \_\_\_\_\_ (баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), және балалардың жеке сәйкестендіру нөмірі)
3. \_\_\_\_\_ (баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), және балалардың жеке сәйкестендіру нөмірі)
4. \_\_\_\_\_ (баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), және жеке сәйкестендіру нөмірі) (білім ұйымының атау).

Тұрғын үй-тұрмыстық жағдай зерделеуін өткізуге қарсы емеспін.

Тұрғылықты мекенжайым өзгерген жағдайда күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ол туралы міндетті түрде хабарлаймын.

Дұрыс емес мәліметтер мен жалған құжаттар ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(ҚОЛЫ)

Нысан

"Бекітемін"

Аудандардың, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының басшысы

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болғанда))

\_\_\_\_\_  
20\_\_ жылғы " \_\_ "

\_\_\_\_\_  
күні, қолы, мөрдiң орны

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2019 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге қабылдауға ниет білдірген тұлғалардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеріп-қарау актісі**

Ескерту. Ереже 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.11.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тексеріп-қарау жүргізілген күн \_\_\_\_\_

Тексеріп-қарауды жүргізген \_\_\_\_\_

—  
(тексеріп-қарауды жүргізген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда), лауазымы, жұмыс орны) \_\_\_\_\_

—  
Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның мекенжайы және телефоны: \_\_\_\_\_

—  
1. \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), туған жылы) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары тексерілді.  
Жеке басын куәландыратын құжат \_\_\_\_\_  
Тұрғылықты жері (тіркеу орны бойынша) \_\_\_\_\_  
Нақты тұрғылықты жері \_\_\_\_\_  
Білімі \_\_\_\_\_  
Жұмыс орны \_\_\_\_\_  
Жеке басын куәландыратын құжат \_\_\_\_\_  
Тұрғылықты жері (тіркеу орны бойынша) \_\_\_\_\_  
Нақты тұрғылықты жері \_\_\_\_\_  
Білімі \_\_\_\_\_  
Жұмыс орны \_\_\_\_\_

—  
2. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларының жалпы сипаттамасы  
Тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжат  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

—  
Тұрғын үйдің меншік иесінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда),

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жалпы көлемі \_\_\_\_\_ (ш.м.) тұрғын көлемі \_\_\_\_\_ (ш.м.)

Тұрғын бөлмелердің саны \_\_\_\_\_, тіркеуде тұрғандар \_\_\_\_\_

(тұрақты, уақытша)

Тұрғын үйдің жайлылығы \_\_\_\_\_

(абаттандырылған, абаттандырылмаған, ішінара жайлы)

Санитариялық-гигиеналық жай-күйі \_\_\_\_\_

(жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз)

Тұрғын үй туралы қосымша мәліметтер (балаға арналған жеке жатын орны, сабақ дайындауға, демалуға арналған орынның, жиһаздардың және т.б. бар болуы)

### 3. Отбасының бірге тұратын басқа мүшелері:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Туған күні	Жұмыс орны, қызметі немесе оқу орны	Туыстық қатынастары	Ескерту
---	------------	-------------------------------------	---------------------	---------

4. Отбасының табысы туралы мәлімет: жалпы сома \_\_\_\_\_, оның ішінде жалақы,

басқа да табыстар \_\_\_\_\_

(жазу).

5. Отбасының сипаттамасы (отбасындағы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас

олардың жеке қасиеттері, қызығушылығы, балалармен қарым-қатынас тәжірибесі, барлық

отбасы мүшелерінің балаларды қабылдауға дайындығы) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

6. Баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдау себептері:

---

---

---

---

---

7. Қорытынды (балаларды отбасына патронатқа беру үшін жағдайдың бар болуы)

---

---

---

---

(қолы) (тегі, аты-жөні) (күні)

Таныстық: \_\_\_\_\_

(баланы (балаларды) отбасына патронатқа қабылдауға тілек білдірген тұлғалардың  
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), күні, қолы)

Нысан  
"Бекітемін"  
Аудандардың, облыстық және  
республикалық маңызы бар  
қалалардың, астананың  
жергілікті атқарушы  
органының басшысы

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болғанда)

\_\_\_\_\_  
20\_\_ жылғы " \_\_ "

\_\_\_\_\_  
күні, қолы, мөрдiң орны

Ескерту. 3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2019 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шартты жасау мүмкіндігі ( мүмкін еместігі) туралы**

Ескерту. Ереже 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.11.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

" " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

қорытынды

Т.А.Ә. (бар болғанда), туған жылы,

---

Тұрғылықты жері:

---

Отбасының сипаттамасы:

---

---

Білімі және кәсіби қызметі:

---

---

---

Денсаулық жағдайының сипаттамасы:

---

---

Баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдау себептері:

---

---

Баланың кандидатурасы бойынша тілектері \_\_\_\_\_

---

---

Қорытынды:

---